



Бекітемін
Мектеп директоры:

А.У. Джумагазиева

№3 арнайы мектебіндегі педогогикалық кеңес отырыстарының жоспары
(2022-2023 оқу жылы)

№	Қаралатын мәселелер	Уақыты қыркүйек	Орындаушылар
	Тақырыбы 2022-2023 оқу жылында оқу үдерісін ұйымдастыру: педагогикалық ұжым қызметінің мақсаттары, міндеттері, бағыттары» 1.Өткен оқу жылына талдау. 2.Жаңа оқу жылындағы оқыту форматтары 3. "0-4 кезекші сыныптардың» жұмыс тәртібі және жұмыс істеу қағидалары. 3. Білім күніне және сынып сағаттарына арналған салтанатты сап түзеулерді өткізу туралы 4. Әдістемелік бірлестік жоспарларын бекіту. 5.Сынып жетекшілерді бекіту.		А.У Джумагазиева А.К Тулебаева ДТЖО Бірлестік жетекшілері. Мектеп әкімшілігі
2	Тақырыбы: Мүмкіндіктері шектеулі балалардың жеке ерекшеліктерін есепке алу 1.Баяндама : «Арнайы мектептегі жалпы дидактикалық принциптер» 2 I тоқсан бойынша оқу –тәрбие жұмысының қортындысы. 3. Жас мамандардың сабақтарына қатысу 4.Өз біліктілік санаттарын жоғарлату мақсатында тестке баратын мұғалімдердің өтініштерін қабылдау 4. Үйден (жеке) оқитын оқушылардың ата-аналарымен байланыс. 5. «МЕКТЕП EDUS» форматының жұмысы туралы.	қараша	Психолог У. Джалгабаева ОІМ А.К Тулебаева ДТЖО Сулейманова А.Х
3	Тақырыбы: Арнайы мектепте тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері 1.Баяндама «: Тәрбие үрдісінің мақсаты-оқушының бос уақытын ұйымдастыруы 2. Бірлестік апталығын өткізу жоспарын бекіту. 4. I ші жарты жылдықта жасаған жұмыстар есебі. 5. I жарты жылдық бойынша оқу-тәрбие жұмысына сараптама II/ші жарты жылдықтың міндеттері туралы.	қаңтар	Әлеуметтік педагог Бірлестік жет/і: Мамандар Сынып жетекшілер ДТЖО Сулейманова А. ОІМ. Тулебаева А.К

4.	Тақырыбы: «Бала –ата-ананың , отбасының адамгершілік өмірінің тәрбиелілігінің айнасы» 1. Баяндама «Бала- ата-ананың , отбасының ,адамгершілік өмірінің тәрбиелілігінің айнасыі» 2. Оқу –тәрбие үрдісінде заманауи әдістер мен технологияларды енгізу. 3. Мұғалімдерді мерекелік марапаттау. 4. Бірлестік апталығының биылғы жетістіктері, және апталықтың отуі туралы. 5. III –ші тоқсан қорытындысы.	наурыз	OIM А.К Тулебаева Логопед Аккулова Р Бірлестік жетекшілері: Сынып жетекшілер Мамандар
5	Тақырыбы: Ақпараттық коммуникациялық технология арқылы оқыту-заман талабы. 1.Баяндама : « Ақыл –ой кемістігі бар бастауыш сынып оқушыларының саналы оқу дағдыларын қалыптастыру ерекшеліктері » 2. Білім беру үрдісінің түрлі бағыттары бойынша мектеп жұмысының нәтижелері 3.Оқу жылының аяқталуы туралы. а) оқу жылын аяқтау туралы нұсқаулықты талдау ә) емтиханға жіберу және оқушыларды келесі сыныпқа көшіру туралы 3. 9-сыныптарында жүргізілген емтихандардың қорытындысы; 4. Педагогикалық ұжымның 2022 – 20223 оқу жылындағы жұмыстарын талдау және жеке мұғалімдердің жетістіктерін бағалау 5. Жыл бойы атқарылған жұмыстардың нәтижесіне сәйкес 2023-/2024 оқу жылына қойылатын міндеттер мен талаптар	мамыр	Бастауыш сын.мұғ/i: Төрениязова Б А. У Джумагазиева OIM Тулебаева OIM Тулебаева OIM Тулебаева

2022 - 2023 оқу жылы.

Педкеңестің №1 хаттамасы.

Педкеңес өткізілген күн : 05.08.2022 ж

Қатысқан мұғалімдер : 35 мұғалім

Күн тәртібінде :

- 1.Өткен оқу жылына талдау - ОІМ Тулебаева А.К
- 2.Жаңа оқу жылындағы оқыту форматтары
- 3.. "0-4 кезекші сыныптардың» жұмыс тәртібі және жұмыс істеу қағидалары.
4. Білім күніне және сынып сағаттарына арналған салтанатты сап түзеулерді өткізу туралы - ДТЖО Сулейманова А.Х
5. Әдістемелік бірлестік жоспарларын бекіту.
- 6..Сынып жетекшілерді бекіту

Тыңдалды:

1. 1. 1.Отырыстың алғашқы сөзін ОІМ Анар Қалдыбайқызы алды. Ол өз сөзінде өткен оқу жылындағы жетістіктер мен оқу саласына қысқаша тоқталып өтті. Жыл сайын мұғалімдер бар мүмкіндіктеріне арнайы бағдарламаны пайдалана отырып,оқушылардың деңгейлеріне қарай оқытып ,үйретіп келеді. Тек оқыту ғана емес , түзете –дамыту жұмыстары да алға қойылған. Психолог, логопед, дефектолог мамандары жыл басында жоспарланған жеке және топтық жұмыстарында үзбей өткізіп келді. Оқу және тәрбие қатар жүргендіктен 8 бағытта жоспарланған тәрбие жұмыстары да мақтауға тұрарлық Осындай жұмыстардың арқасында мына аталған оқушылар жалпы орта мектепке ауыстырылды.Атап айтар болсақ :

Елубаев Аян (бсынып) -№15 мектепке,

Жолдас Нұрдәулет (сынып) - №11 мектепке

Ергенбек Ажар (4 сынып)- №1 мектепке

Бұл оқушылардың жалпы мектепке қабылдануы біз үшін үлкен жетістік Тағы бір қуантарлық жаңалық , үйден (жеке) оқитын оқушылардың жартысынан көбі мектепке келіп оқу мүмкіншілігіне ие болды, олар:

1. Аллақұл Қарас – 7 сынып
2. Бердіқұл Қыдыржан – 8 сынып
3. Аққали Нұртай – 8 сынып
4. Дурдыбай Жарас – 9 сынып
5. Тилеген Ернар – 6 сынып
6. Асанов Бекжан – 6 сынып
7. Игдир Нұртас – 7 сынып

Негізгі 11 оқушы келуі тиіс еді, бірақ 4 оқушы денсаулық жағдайларына қарай оқуларын үйден жалғастыратын болды. Әрине бұл оқушылардың мектепке келіп оқуға қабілетті болғаны да, мұғалімдердің арқасында деп ойлаймын. Біздің ұжымның бұдан да басқа биік белестерді бағындыратынына сенімдімін.

2. Жаңа оқу жылындағы мәселелер де аз емес, биыл алғаш рет 0 сыныпқа бала қабылдайтын болдық, осы кезеңге дейін тек 1 сыныпқа қабылдайтын едік. Жоспарды 2020 жылдың 5 ақпанында шыққан №51 бұйрықпен бекітілген бағдарламаға сүйеніп жасау керектігі туралы ескертілді. Басқа да ағымдағы мәселелерге қысқаша тоқталып өттік. Үйден мектепке ауыстырылған оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыста болып, қатаң қадағалау керектігі де ескертілді.

3. Биыл 0 сыныпқа 10 оқушы қабылданды. Бұрын дайындық сыныбын оқып келсе де, ата-аналар қайтадан 0 сыныпқа оқытуға қарсы емеспіз деп, бір ауыздан өтініш берді. Оқушылардың 9/ы жеңіл түрдегі дамуы кешеуілдеген болса, 1/уі - дауна диагнозында. Үнемі қадағалап, бақылауды қажет ететін оқушылар

4. Кезекті сөзді мектептің тәрбие орынбасары Алмагүл Халдыбайқызы алды. Алдағы Білім күнінде өткізілетін салтанатты жиынның қалай болу керектігі туралы қысқаша тоқталып өтті. Биылғы ережеге сүйенсек, жылдағыдай шар ілуге болмайды, жиын талапқа сай өтуі тиіс. Сынып сағаттарының тақырыбы айдың аяғында белгілі болады, соған сай жасақтайтындарын айтып өтті. Жылдағы ереже бойынша оқушылардың ата-аналарынан барып, қолхат алуды тапсырды.

5. Биыл жылдағыдай емес мұғалім саны көбейді, сол себепті бірлестік құрамы да көбейіп, 7 бірлестік жұмыс жасап бастайтыны туралы ескертіліп, бірлестік жоспарлары бекітіліп, алдағы жұмыстарына сәттілік айтылды. Жас мамандар саны да аз емес, соның бірі Аяпберген Шынар. Оның тәлімгері – Нұрадин Салтанат болып тағайындалды.

6. Биыл сынып саны- 10, үйден (жеке) оқитын оқушылардың мектепке ауысуына байланысты, бала саны көбейді. Оқушыларды ПМПК тұжырымы бойынша сыныптарға бөліп, сынып жетекшілерін бекіттік.

0 сынып – Төрениязова Бақыт

2 сынып - Сақтағанова Аджарбике

3 сынып - Рахышева Зүлфия

4 сынып - Сатыбалдиева Талшын

5 сынып - Утеева Жанар
6 сынып - Нұржасынова Қамажай
7 сынып - Сүйеубаева Дариха
8 сынып - Аккулова Жайжан
9а сынып - Түгелбаева Сәуле
9б сынып - Нұрғазиева Ұлмекен

Қаулы:

1. Білім күніне арналған жиынның талапқа сай өткізілуі ДТЖО Сүлеймановаға тапсырылсын
2. О сыныптың сабақ жоспары 51 бұйрыққа (2020 жыл 5.02) сүйеніп жасалынсын
3. Әр сыныпқа жоғарыда сайланған жетекшілер бекітілсін.

Педкеңес төрайымы: А.У. Джумагазиева

Хатшы: А.К. Тулебаева





2021 -2022 оқу жылының аяғында

ПМПК /дан өткен оқушылар туралы мәлімет

	Оқушының аты-жөні	Мектеп	Үйден (жеке) оқитын
1	Дурдыбай Жарас	+	
2	Оразалы Жандос	+	
3	Аққали Нұртай	+	
4	Аллақұлы Қарас	+	
5	Издир Нұртас	+	
6	Тилеген Ернар	+	
7	Асанов Бекжан	+	
8	Сапарова Амина	+	
9	Есенқұл Бегарыс	+	
10	Қазы Иманғали	+	
11	Есқали Әсел	+	
12	Дүйсенбай Бейбарыс	+	
13	Демеуова Ләззат		+
14	Көбейсин Мирамбек		+
15	Чокудаев Ердос		+
16	Хожабек Аружан		+
17	Тасболатова Тамара		+
18	Ахметжұма Қолғанат		+
19	Едігеева Мадина		+
20	Тұрдықұл Бекжан		+
21	Наджимединова Айгерім		+
22	Амандық Әсет		+
23	Испулов Жоламан		+
24	Меркебай Нұрдәулет		+
25	Оралбаев Ақсұңқар		+
26	Дәрісұл Аян		+
27	Қайратов Мухаммет		+
28	Бердимуратов Ягуар		+
29	Тұрсынбек Ғазизбек		+
30	Демесен Аяужан		+
31	Джанаева Айжұлдыз		+
32	Түркеш Оразбек		+
33	Тулимбаева Амина		Оқуға жарамсыз
34	Мырза Бекнур		+
35	Бектурган Ясмина		+
36	Саин Рауан		+
37	Жалғасбаева Құндыз		+
38	Бердібек Дарига		+
39	Абдуллаев Аслан		Оқуға жарамсыз
40	Дерманкул Жансая		Оқуға жарамсыз

25 оқушы – үйден (жеке) оқытылады

12 оқушы – мектепке келіп оқиды

№3 арнайы білім беру мектебінде мұғалімдермен өткен жиналыс

Хаттама №3

25.11.2022 жыл

Қатысқандар : 25 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. **Тақырыбы:** Мұғалім мен оқушы арасындағы психологиялық қарым-қатынас
2. **Мақсаты:** Мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынас барысында болатын қиындықтардың алдын алу, және келеңсіз жағдайларды болдырмау.

Тыңдалды:

1. Мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары: А. Тулебаева сөз алып, қазіргі таңда қарым-қатынас қиындықтары эмоциональдық бағытта жиі кездесетіні туралы және соңғы кезде әлеуметтік желіде жарияланып жатқан видеолардың басым көпшілігі тәрбие орындарында орын алып отырғандығы туралы айтып өтті. Оқушылармен дұрыс қарым-қатынас жасауда кедергі келтіретін аталмыш қиындықтардың пайда болуының өзіндік себептері бар. Сондай негізгі себептердің бірі: Қазіргі балалардың көпшілігі акселераттар. Психикасы тез дамыған балалар сұрақ қойғыш, тез қозғалғыш, бәрін білгісі келіп, қарым-қатынасқа тез түскісі келіп отырады. Осындай кезеңде мұғалім өзін сабырлы ұстап, ашуға берілмеу керектігі туралы ескертілді.

2. Мектеп психологы: Джалгабаева У сөз алып, мұғалім мен оқушы арасындағы құндылықтарды ілгерілету және нығайту: бала тәрбиесі үшін мұғалімнің ролінің маңыздылығы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қарым-қатынас барысында кездесетін осы және өзге қиындықтарды жоюдың бірден-бір жолы: -

- ✓ әр жастағы оқушылардың өзіне тән психикалық ерекшеліктерін ескере отырып, қарым-қатынас орнату;
- ✓ мұғалім өзінің жағымсыз көңіл-күйінің болмауын қадағалау;
- ✓ қарым-қатынаста педагогикаға жатсөздер айтпау;
- ✓ бұйрық емес, өтініш деңгейінде қарым-қатынас жасау; қарым-қатынаста дау-жанжалға жол бермеу;
- ✓ қиын, қыңыр, қырсық оқушылармен жеке дара қарым-қатынас орнатып, олармен тіл табысу;

Қаулы:

1. Қарым-қатынаста кездесетін қиыншылықтарды осы және өзге де жолдар арқылы жеңе отырып, жұмыстануды мұғалімдерден талап ету.



Қорғаған

Хаттама

А.Джумагазиева

А.Тулебаева



«№3 арнайы мектебі»
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Баяндама

Тақырыбы: Жаңашыл ұстаз-жаңа заман айнасы

Орындаған: Нұрадин С

2022-2023 оқу жылы

ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ – ЖАҢА ЗАМАН АЙНАСЫ

Білім берудің қазіргі жаңа құрылымы және оқу әдістемесінің мазмұнының өзгеруі мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жаңартуын, шығармашылық ізденістерін қажет етеді. Сондықтан оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы оқушылар шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлға дайындау, осыған орай оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып білім беру біздің мұғалімдер алдындағы басты міндет болып отыр. Қоғам дамуында білім берудің ең маңызды мәселе екендігі белгілі. Әрбір мемлекеттің өсіп-өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы ұстаз берген білім. Сондықтан да дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келетін кез келген мемлекет, ең алдымен, білім беру саласын жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді. Ендеше осындай бәсекеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу жаңартылған мұғалімінің еншісіне тиері анық. Жаңартылған оқу бағдарламасының оқушыларға берері мол екені анық. Қазіргі таңда білімді, білгенін өмірге пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Қытай философының «Маған жәй айтсаң – ұмытамын, көрсетсең есімде сақтаймын, ал өзімді іс – әрекетке қатыстырсаң үйренемін» деген даналығы білім алушының білімге ықыласын артыруда ақпараттық – коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, өзіндік ізденіс жүргізуді тәжірибеде жүзеге асырудың маңызды екендігін көрсетеді. Сапалы білім негізі – жан-жақты ақпараттық материалдарды, көрнекі құралдар мен ұтымды технологияларды, тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, білім алушыға ешбір кітаптан таба алмайтын білім беру.

Жаңашыл ұстаз – заман талабы. Теориялық білімін тәжірибе жүзінде іске асыра алатын, жауапкершілігі жоғары, ізденімпаз жеке тұлға болуы тиіс. Ең жақсы мұғалім – шәкіртінің жанын түсінетін, оны өз перзентіндей сүйе алатын, оқушы үшін бойындағы барын беретін, шәкіртін өздігінен білім алуға жетелейтін мұғалім. «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қоғамда мықты, білігі жоғары, жаңашыл ұстаздардың болуы – өмір талабы. Жас ұрпақты оқытуда, оқушының тұлғалық деңгейін қалыптастыруда түрлі инновациялық әдіс-тәсілдерді кең қолдануды қажет етеді. Шәкіртке білім нәрін жылулықпен бере білу де аса қажеттілікті керек ететіні де белгілі. Қазіргі таңда білім саласында үнемі өзгерістер болып жатыр. Сол өзгерістерді енгізіп, көштен қалмай бірге жүруге тура келеді. Педагогикалық ізденіс барысында оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуда жаңа әдістемелерді қолдануды оқу үдерісіне енгізудің маңызы ерекше. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Мемлекетіміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды. Қазіргі талап – оқушыларды ойландыру, сезіндіру, ақпараттық құралдар арқылы өз беттерінше еңбектеніп, оқуға баулу.

«Педагогтік шеберлік» – дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі. Ендеше, іздену мен үйренуді ешқашан тоқтатпайық дегім келеді. Өркениет көшіндегі білім кемесінің сапары сәтті болғай.

Педкеңес өткізілген күн : 4.11.2022 ж

Қатысқан мұғалімдер : 37 мұғалім

Күн тәртібінде :

1. Баяндама: «Арнайы мектептегі жалпы дидактикалық принциптер»
2. I-ші жарты жылдық бойынша оқу – тәрбие жұмысының қортындысы.
3. Жас мамандардың сабағына қатысу
4. Үйден (жеке) оқитын оқушылардың ата-аналарымен байланыс.
5. «МЕКТЕП EDUS» форматының жұмысы туралы.

Тыңдалды:

1. Мектеп психологі У. Джалгабаева өз баяндамасында мүмкіндігі шектеулі балалардың жасына, даму деңгейіне және кемістіктің түріне сәйкес қол жетерліктей болуы керектігін және арнайы мектеп оқушыларының жұмыс қабілетінен, тәртібінен, құрдастары арасындағы қарым – қатынасынан және мұғаліммен қарым – қатынасынан ерекше көрінетіндігі туралы айтып өтті.

2. Келесі сөз кезеңін ОІМ Тулебаева А.Қ /на берілді. Ол өз сөзінде жыл басындағы мектеп оқушыларының білім деңгейін, қабылдауын, қиыншылық туғызып отырған оқушылардың жағдайы туралы терең тоқталып өтті. Жыл басынан бері мектепке 2 оқушы, үйден (жеке) оқытуға 1 оқушы қабылданғанын және қазіргі таңда 153 оқушы, оның 115 мектепте, 38/і үйде (жеке) оқып жатқандығы туралы хабардар етті.

I /ші ауысымда - 56 оқушы

II /ші ауысымда - 59 оқушы

1-4 сынып – 47 оқушы

5-9 сынып – 68 оқушы

Жалпы есебі : 1-5 сыныпта 66 оқушы

6-9 сыныпта 87 оқушы

Үйде : 1-4 с.- 19 оқушы

5-9 с. – 19 оқушы

Мектепте : жеңіл түрдегі - 88 оқушы, орта деңгейдегі - 20, ЗПР-7

Үйден (жеке) оқитын : жеңіл түрдегі - 19, орта деңгейде - 15, ЗПР -4

Сыныптарға тоқталсақ :

0 сынып – бір қыз, бір ұл қабылданды

2 сынып – Иманғали үйден (жеке) оқытуға ауыстырылды.

3 сынып - Аяулым көп қадағалауды қажет етеді

4 сынып – 10 оқушы, Ерасыл мен Темірлан қабылдауы өте төмен

5 сынып - барлығы орташа деңгейде

6 сынып - 12 оқушы, қиын сынып

7 сынып - Бекназар Сырым - қиын оқушы

9а сынып – орташа деңгейде

9ә сынып - барлығы қадағалауды қажет етеді

9б сынып - Арыс қиын оқушы

3. Биыл, II –ші тоқсан басталғаннан бастап, бақылау мақсатында барлық мұғалімдердің сабағына кірдім. Мақсат: мұғалімдердің сабақ беру, сабақ өткізу деңгейлерінің қаншалықты талапқа сай екендігін бақылау, жас мамандарға бағыт бағдар беру, тәжірибе жинақтауға мүмкіншілік беру. Әрине барлығын керемет деп айта алмаймын, сабақты жоспардағыдай нақты етіп өткізіп отырған мұғалім көп емес. Жас мамандар көп үйретуді қажет етіп отыр, ескерту беріліп, қадағалап отыратынымды ескерттім. Алдағы бірлестік апталығында жақсы нәтиже береді деген үміттемін..

4. Биыл әдеттегідей үйден (жеке) оқитын оқушылардың ата-аналарымен байланысқа шығып оқушының жағдайын және мұғалімдердің кесте бойынша сабақ беру процесі қаншалықты талапқа сай орындалып жатқандығын сұрадым. Қазіргі таңда 38 оқушы бар. Барлығымен бірдей байланысқа шыға алмадым, бірақ 30 /ға жуық ата-анамен сөйлестім. Ата-аналар балаларының жағдайын айта келе, мұғалімдердің уақытында келіп оқытып жатқандарына көңілдері толатынын айтты. Ата-аналар тарапынан арыз түспегеніне мен де қуанып қалдым.

5. «МЕКТЕП EDUS» форматының жұмысы туралы. Электронды журналдың дұрыс толтырылуын үнемі қадағалап, тексеріп отырамыз. Біздер арнайы мектеп болғандықтан баға қою ережесі де басқаша, сол себепті көбіне сол жағынан қателесеміз. Түзету пәндеріне баға қоймаймыз, олар тек «ес» деп, қортындалады. Оқу жылы басталғалы күнделікті баға қою, себепті, себепсіз жағдайлармен сабаққа қатыспаған оқушыларды

Ж – дәлелсіз себеппен

Д – дәлелді себеппен

А – ауыру себеппен

бос - босатылды, - деп,

белгіленетін болды.

Әр тоқсан сайын уақытында журналдың толтырылуы тексеріліп отырды.

Қаулы: 1. Үйден (жеке) оқытылатын оқушылар мен мұғалімдердің байланысы үнемі бақылауда болсын. 2. «МЕКТЕП EDUS» форматының жұмысы үнемі қадағалануда болсын

Педкеңес төрайымы: *А.У. Джумагазиева*
Хатшы: *А.К. Тулебаева*





Арнайы мектептегі жалпы дидактикалық принциптері

(Баяндама)

Психолог: А.У.Джалгабаева

Арнайы мектептегі жалпы дидактикалық принциптері

Арнайы мектептегі жалпы дидактикалық принциптері

Принцип дегеніміз - білім беру, түзету үрдісінің ұйымдастырудың сипаты мен ерекшеліктерін анықтайтын және білім алуда МШБ танымдық әрекетін басқаруды реттейтін.

Оқыту принциптері мұғалім мен оқушылар іс - әрекеттерінің ішкі елеулі жақтарын бейнелейді, мазмұның және ұйымдастырылу формаларында оқытудың тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді және оқытудың нақты объективті заңдылықтарын көрсетеді.

Оқыту принциптерінің оқыту заңдылықтарын түсінуде бір мазмұнды, бір ой мен мақсатты көрсетеді. Осы заңдылақтар тұрғысынан қарағанда оқуға және білім беруге қойылатын белгілі, тұрақты талаптар шығады. Оқытуда принциптер осы талаптар арқылы жүзеге асады.

Оқыту принциптері арнайы мектептерге ортақ болғанына қарамастан, әр мектептің өзгеше мақсаттарына тәуелсіз, тек оқыту технологияларын нәтижелі жүзеге асыруда маңызды. Кемтар балаларды оқыту принциптерін жүйегі келтіру үшін арнайы мектептегі оқыту жалпы дидактикалық принциптермен бірге арнайы өзгеше принциптерге негізделетінің ескеру қажет.

Дәстүрлі жалпы дидактикалық принциптер: оқытудың тәрбиелігі, ғылымилығы, жүйелігі, қол жетерлігі, кернекілігі, саналылығы мен белсенділігі, білім, білік дағдаларының беріктігі, оқытудың жекелік сипатқа ие болуы. Принциптер жүйесі баланың оқытудағы дамуының барлық жақтарын көруге мүмкіндік береді.

Оқытудың тәрбиелігі. Оқыту оқушыны өмірге және болашақ іс- әрекетке даярлаудың негізгі құралы.

Арнайы мектеп оқушысы, оқу пәнінің мазмұнын игеріп, әрі келешек мамандығы үшін қажет екендігін өзінше ойлай алмайды. Оқытуда үлкендермен қарым — қатынас жасауда, өмір тәжірибесіне қарай баланың білімге және оқу әрекетіне қызығуы туады.

Оқытудың ғылымилығы. Ғылыми білімдер шындықты дұрыс бейнелеу болып табылады.

Оқытудың ғылымилығы принципі оқу материалындағы заңдылықтарды оқушы дұрыс бейнелеуі, түсінуі және игеруі шартын жасау үшін қажет.

Теориялық қағидаларды түсіну - кемтар баланың ойлау іс - әрекетінің сипатын анықтайтын ғылыми түсіндірудің ерекше белгісі.

Ғылыми білім ғылымилығын қоймай, шындықты әртүрлі тереңдікті бейнелеуі мүмкін. Сондықтан арнайы оқытудың барлық кезеңінде ғылыми түсіндіру мүмкіндігі бар. Арнайы оқытуда нақты бейнелік ойлаудан танымның ұғымдық формасына көшудің күрделі мәселесі туады. Теориялық материалды оқудың негізгі оқушы санасында ұғымдарды қалыптастыру болады. Кез келген ұғым - заттар, құбылыстар және олардың қасиеттерінің нақты жиынтығын сипаттайды. Мысалы, табиғаттағы су айналысы құбылысын түсіндіргенде балалар жерді шар түрінде, мұхит, теңіз, өзендерді оның су бері, жерді құрлық беті, оларды өз сәулелерімен жылытатын күнді дұрыс елестетуі жеткілікті. Осындай елестету оқу материалын баланың ғылыми игеруінің деңгейін көтере түседі. Неғұрлым іс — әрекетінде нақты заттар, құбылыстар, қасиеттер, оқиғалар елестетілетін болса, соғұрлым оқу материалы балаға түсінікті болады. Бірақ мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуда елестету арқылы жұмыс атқару қиын жағдай, оның себебі таным ерекшеліктері, әсіресе ойдың нақты көрнекі сипаты. Сондықтан бұл принципті жүзеге асыру үшін арнайы шаралар қамтамасыз ету керек, көрнекі құралдарды пайдалану арқылы.

Оқытудың жүйелілігі. Таным теориясы негізінде оқытудағы қоршаған әлем дамуының жалпы заңдылықтарына тәуелді екендігін ашып көрсетуге болады. Оқыту әлемді өз қалпында тану міндетін қояды.

Қоршаған ортаның оқу материалында бейнелеуі оны оқудың жүйесін анықтайды. Оқытудағы жүйеге ғылым логикасына тәуелді. Егер мұғалім оқу материалын ғылым логикасы тұрғысынан бағаламаса, онда ол өз пікірінің дербестігін және сенімін жоғалтады.

Кез келген оқу материалы өз бойында белгілі бір теориялық қағидалар, түсініктер жиынтығы және осы қағидаларды дәлелдейтін құралдарды қамтиды.

Оқу бағдарламасы арнайы мектеп оқушысы қандай теориялық және практикалық білім алуы керек екенін және оқу материалын оқып, меңгеру мүмкіндігін анықтайды. Кез келген оқу материалы білімдердің ғылыми жүйесінің белгілі ретінде өз бойында бағдарлама белгілейді. Міне осы екеуінің, яғни бағдарламаға сәйкес оқытуда тиісті қағидалар мен идеялар арасында қарама-қайшылықтар туындайды. Осы қарама-қайшылықтар білім алушылардың танымдық іс-әрекеті мен мұғалім жасампаздығын шектеп немесе кеңейтіп сабақта оқу материалын түсіндірі жүйесін тандап алуға елеулі ықпал жасады.

Арнайы оқытудың жүйелілігі оқушылардың жас және психолофизиологиялық ерекшеліктеріне, кемістіктің түрі мен деңгейіне негізделеді. Арнайы мектеп оқушыларына сабақ мазмұнын тек есте сақтау ғана емес, сонымен қатар, танымдық міндетті көруі, ол міндетті шешу тәсілдерін сайлауы да маңызды. Сондықтан түсіндіру оқу материалын игеруге қажетті танымдық белсенділікті, ойдың нақты құрылымын, логикалық операцияларды қалыптастыруға бағытталған болуы керек.

Оқытудың қол жетерлігі. Оқыту арнайы мектеп оқушылардың жасына, даму деңгейіне және кемістіктің түріне сәйкес қол жетерліктей болуы керек. Бұл принцип арнайы педагогика үшін өте маңызды.

Қол жетерліктің елеулі белгісі - қабылданатын білімнің оқушы санасында бұрыннан меңгерілген білім деңгейімен байланысы. Егер бұл байланыс қалыптаспаса, онда білім арнайы мектеп оқушыларына қол жетпестей болады. Бұл жағдайдың себептері: материалдың күрделілігі, оқыту әдістерінің сай еместігі, ал негізгісі оқушылардың таным ерекшеліктері.

Оқушының өміріне және қол жеткен табысына айналған осы бейне қоршаған әлемнің кез келген құбылыстарымен, заттарымен қатынаста болады, өйткені, материалдық дүниені ақыл-ойы арқылы бейнелеудің басқа танымның жолы жоқ және барлығы өзара байланыста.

Арнайы оқыту үшін қол жетерліктің шекарасы, оның өлшемі аса маңызды мәселе. Оқу материалының қол жетерлігі және түсінілу мүмкіндігі арнайы мектептегі оқыту әдістері мен мұғалімнің шеберлігі және оқушылардың ойлау даму дәрежесіне тәуелді болады.

Оқытудағы көрнекілік. Оқытудағы көрнекілік принципінің қажеттігі ойдың нақтыдан абстрактыға, сезімдіктен түімдікке көшу негізінде жүзеге асады.

Арнайы мектептегі оқу процесінде сезімдік таным кіші мектеп жасындағы оқушының қоғамдық мәнін дамытудың дербес жағы ретінде немесе абстракциялауды қалыптастыруға жол ашады.

Оқытуды пайдаланылатын сезімдік бейнелердің сапалық жағы көрнекі құрал негізінде оқушыда нақты нысанды елестетуге, оқу материалында бейнеленген заттар мен құбылыстарды жинақтап, көруге мүмкіндік тудырады. Көрнекі құралдар оқушының сезімдік танымын дамытады. Арнайы оқыту үшін бұл өте маңызды жағдай, өйткені оқушылар бастауыш сыныптарда білімді тек көрнекі арқылы меңгере алады. Бұл жағдайдың себебі, сөйлеу тіліндегі ауытқушылықтар және де ең негізгісі көрнекі ойдың басым сипаттамасы.

Көрнекі құрал - әрдайым таным құралы. Көрнекі құрал таным процесінде нақты заттарды, оның табиғи немесе қоғамдық өмір сүру жағдайын елестетуге жақындатады. Көрнекілікті пайдалануда оқушының ойы көрнекі құралдан нақты заттың езіне өтуі керек, яғни оқушының ойлау әрекетін басқару және оқушылардың нақты кемістіктерін ескеру қажет. Сонымен қоса қалыптастыратын сезімдік бейнені оқу міндетін орындаумен байланыстыру керек және түзетушілік міндетін шешу керек. Көрнекі құралдар оқушылардың ерекшеліктеріне сәйкес келуі ерекші дидактикалық талап.

Оқытудың саналылығы мен белсенділігі. Білім мен іскерлікті меңгерудегі саналылықты қалыптастыру — арнайы педагог әрекетінде аса күрделі мәселе. Жалпы оқытуда саналылығы мен белсенділігі принципі оқушылардың оқу материалын саналы түсінуіне, мектептегі оқытуды сананың қатысуында, танымдық белсенділігін қалыптасғыруға бағытталған. Ал арнайы мектепте бұл принципті жүзеге асыру қиын, ауыр жағдай, өйткені оқушылардың дамуындағы ерекшеліктер өз әсерін тигізеді.

Арнайы мектепте білімді игерудің сапасы көп жағдайда сабақта жүргізілетін жаттығуларға тәуелді болады. Бір ережедей жаттығулардың бірнеше жүйесі таңдалып алынады, өз кезегінде олар игеру түрлі дәрежесінің болуына ықпал жасайды.

Бұл принципті жүзеге асыру үшін ең бастысы - оқушы үшін оқу материалы және оның танымдық іс-әрекетінің қандай мәні бар екендігін түсіну керек. Белсенділік әрдайым адамның қоғамдық мәнінің нақты бағыттарын, оқушы үшін мәні бар объектілерге жинақы бағытталғандығын көрсетеді. Білімді меңгеруде оқушының белсенділігі әртүрлі және мұғалім талаптарына сәйкес болмауы мүмкін. Мұғалімнің зейіні ойлаудың логикалық операцияларына аударылса, оқушының ойлау белсенділігі мысалдар мен көрнекіліктерде. Арнайы мектеп оқушылар ережелерді жаттап меңгеруде киналады, ал мысалдарды есте қалдыру, көрнекілікпен жұмыс жасау жеңіл және қызықты.

Саналы меңгеру - яғни фактілерді ажырату, олардың мәнін түсіну, арасындағы байланыс пен қатынастарды анықтау. Саналылық нәтижесі - дұрыс ұғым түсінікті бейнелейтін және тәжірибеде қолданылатын ғылыми негіздегі білімді қалыптастыру. Бұл принциптің естімейтін балаларды оқытуда маңызы ерекше, өйткені бұл балаларда ауызша сөзбен айтылған материалдарды меңгеруде қиындықтар кездеседі. Н.Б.Морозова, Т.В.Розанова, И.М.Соловьев мәліметтері бойынша мәтінді толық түсінбеу байланыстарды (заттар арасында, уақыт пен құбылыстар арасында) байқауда қиындықтар туғызады. Ал ақыл ойың кем балалар берілген материалдың негізгісі мен қосалқысын ажырата алмайды өздерінің әрекетін түсінбейді және ұзақ уақыт бойы мұғалімнің сөзін тындай алмайды. Сабақтағы оқушының белсенділігі туралы оның мұғалім сұрағына жауап беруге дайындығы жолдастарының пікіріне өз пікірін қосу, өз бетімен сұрақ қою дерек пен дәлелдерге сүйену. Мұғалім саналылық пен белсенділікке түрлі құралдар мен тәсілдерді пайдалана отырып қол жеткізуі мүмкін, мысалы техникалық оқыту құралдар арқылы. Ал кемтар балаларды оқытуда саналықпен белсенділікке қол жеткізу үшін келесідей негізгі талаптар ескеріледі:

- оқытудың баяу темпі;
- күрделі ұғымдар компоненттеріне бөліп дамиды;
- жұмысты орындау жоспарын алдын ала даярлау;
- негізгі сәттерді анықтау, құбылыс пен фактілердің байланысын ашу;
- сөздік пен мысалдарды тиянақты талдау;
- қайталап түсіндіру, түсінбеген жерлерін анықтау және түзету;
- өз бетімен жұмыс істеуге баулу.

Саналылық пен белсенділік принципін пайдаланудың нәтижелілігі оқушыларда қалыптасқан танымдық белсенділік және өз бетімен жұмыс істеу деңгейіне байланысты анықталады.

Оқытудың беріктігі. Арнайы оқыту процесінде білімнің беріктігіне қол жеткізу үшін көптеген факторлар әсерін тигізеді. Бұл оқыту принциптерді жүзеге асыру, педагогикалық іс-әрекет, оқушының оқу ынтасы, оқуға деген қызығушылығымен жалпы даму деңгейіне тәуелді.

Білімнің ұзақ сақталуына көптеген объективтік және субъективтік факторлар, атап айтқанда, баланың мектептен тыс оқушының жеке өмір жағдайы ықпал етеді. Оқытудың беріктігінің шешетін мәселесі оң факторлардың ықпалын күшейтіп, теріс факторлардың рөлін төмендету, жою. Арнайы мектепте оқушылардың даму мүмкіндіктеріне сүйену, сақтаулы анализаторларды белсенді пайдалану қажет.

Сабақта хабарланатын білімдер өзара шарты байланыста болатын бөліктер мен буындас жиынтықтан тұрады. Зерттелетін білімдегі негізгі ой оқу басқа бөліктерінің логикалық терең қағиданы қарастырады. Сабақтың бір мазмұнының өзі оқушының зерттелетін білімінің логикасын анықтауына, басты қағиданы бөліп ала білуіне байланысты ақылдың дамуына әр түрлі ықпал жасайды. Оқу материалын оқушының аса терең түсінуін логикалық айқын және түсінікті басты ойлар мен қағидаларын бөлуін күшейтеді.

Оқытудың жекелік сипаты. Оқытудың жекелік сипаты принципінің негізгі қағидасы адам танымдығы және дамуындағы жалпы, ерекшелік және даралықтың, үйреншікті мен жекенің, абстрактылық пен нақтылықтың диалектикасына негізделген. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың жеке ерекшеліктерін есепке алу, оларға жеке қатынасты оқыту барысында у-йымдастыру үлкен мән алады. Жас ұрпақты жан - жақты дамыту міндеттерін орындау үшін қоғамдық өмір мектептен басқа да, қосымша құралдарды көптеп береді. Кемтар балалар өз қабілеттерімен мүмкіндіктеріне лайық түрлі үйірмелер мен секцияларға қатынасады. Балалар үшін радио, теледидар хабарлары, кино, диафильмдер, балалар әдебиеті мен театрларының үлкен танымдық мәні бар.

Арнайы мектепке қабылданатын балалардың жоғарыда аталған факторларға байланысты, білім қоры көлемі және тереңдігі жағынан әр түрлі болады. Сондықтан оқу себептері жоғарғы мәнге ие бола бастайды. Оқушылар дамуының әр түрлі деңгейі оларды жеке зерттеуді талап етеді. Оқытудың жекелік сипаты, принципі оқытудың нақты міндеттерін белгілеуге және шешуге, оқушылардың білімі мен дамуының шамасын анықтауға көмектеседі.

Білім нақты оқыту процесінде әрбір оқушымен жеке игеріледі. Дегенмен оқытуда білім жеке игеру деңгейі сынып, топ оқушыларында бір дәреже болуы мүмкін, әрбір баланың жеке дамуында жалпыны анықтауға болады. Осыдан оқыту процесінде мүмкіндіктері шектеулі балалардың дамуы мен тәрбиесі жалпылық ұғымдары, /категориялары/ шығады. Бұл - ең алдымен, балалар дамуының ортақ деңгейі, бірдей білім қоры, ойлау процестерінің бірдейлік сипаты, іс әрекеті мен тәрбиінің ұқсастығы. Әдетте бұндай ортақ деңгейлік оқуға қабылданатын жас шамасы бірдей балалар да болады. Ортақтық тек биологиялық даму емес, олардың өмір жағдайының ұқсастығы, білімінің мазмұны мен ойлау сипатынан да болады. Мұндай ортақтық неғұрлым жас балаларда болады. Арнайы мектеп оқушыларының психикалық ерекшеліктері оқытуда, арнайы құралдар пайдалану мен жеке дара ықпал ету арқылы әр оқушының оқу материалын өз деңгейінде түсіну мүмкіндігін қамтамас етеді. Бұл жерде оқушылардың жеке ерекшеліктері оқу міндетін шешуді үдететін немесе тежейтінін ұмытпауы керек.

Арнайы мектеп оқушыларының жеке ерекшеліктері жұмыс қабілетінен, тәртібінен құрдастары арасындағы қарым - қатынасынан және орнынан мұғалімге қатынасынан ерекше көрінеді.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың жеке ерекшеліктерін зерттеудің тәсілдері бар. Олар: оқушыны жоспарлы, жүйелі бақылау (бақылау күнделіктер толтыру); алдын ала жоспарланған жеке не топтық әңгіме; қосымша оқу міндеттері ол жөніндегі оқушының ой - пікірін талдау; баланың рқымдағы орны (социометриялық әдістер); жолдастармен қарым - қатынас күйіне байланысты арнайы тапсырма беру; т.с.с. ең бастысы - баланы жан - жақты психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеп, оның нәтижелеріне сүйеніп, кемшіліктерін жою. Оқушының жеке ерекшеліктері оқу процесіне оң, бейтарап, теріс ықпал жасауы мүмкін. Осының өзі оқушыға жеке қатынасты талап етеді. Оң салаларды дамыту үшін кейде тек ата - анамен әңгімелесу жеткілікті. Басқа жағдайда мұғалім мен арнайы мектеп ұжымының төккен еңбегін қажет етеді. Дамуында кемісітігі бар оқушының танымдық әрекеттен дамыту үшін арнайы бағдарлама қажет. Мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың ортақ психикалық және жеке ерекшеліктерін негізделген арнайы оқыту білімді, нәтижелі игеруге, баланың жоғары зият және ізгілікті дамуына әкеледі.

Педкеңес өткізілген күн : 06.01.2023 ж

Қатысқан мұғалімдер : 37 мұғалім

Күн тәртібінде :

1. Баяндама : « Тәрбие үрдісінің мақсаты- оқушының бос уақытын ұйымдастыруы » Әлеуметтік педагог Сұлтан А.
2. Бірлестік апталығын өткізу жоспарын бекіту.
3. 1-ші жарты жылдықта жасаған жұмыстар есебі.
4. Біліктілік санатын жоғарлату мақсатында сәуір айында болатын тестке баратын мұғалімдердің өтініштерін қабылдау.
- 5 Мұғалімдерді марапатқа ұсыну.

1. Әлеуметтік педагог Сұлтан Айнұр « Тәрбие үрдісінің мақсаты-оқушының бос уақытын ұйымдастыруы » тақырыбында баяндамасын оқып , қазіргі кезде жоғарғы және орта буынның оқушыларының өз уақыттарын тиімді пайдаланбай жүргені туралы қысқаша айтып өтті. Әсіресе 9 сынып оқушыларының беймезгіл уақытта ата-ананың қадағалауына көнбей жүрген Джақсыбек Арыстың тәртібі айтылды. Ендігі жерде Арыстың тек әкесімен байланысқа шыға отырып , тәртіпке шақыру ғана қалғанын ескертті.
2. Бірлестік апталығын өткізу жоспарын бекіту. Әр оқу жылында апталық өткізу қаңтар айында өткізіледі. ОІМ Тулебаева А.К әдеттегідей 6 бірлестіктің жетекшілерін ортаға шақырып , жеребе тастады. Сол жеребе бойынша апталық жоспары жасақталды. Яғни , апталық 16.01 /да басталып , 24.02 / да аяқталатын болды. Бірінші болып , эстетикалық пән апталығы өз жұмысын бастайды. Барлық апталықтың пән мұғалімдеріне сәттілік.
3. Оқу үлгеріміне , оқу көрсеткішіне тоқталатын болсақ , толық «жақсы» деген бағаға үлгеріп отырған оқушы өте аз. Арнайы бағдарлама болса да ,соның өзін қабылдай алмай отырғандар бар.Мамандар өздерінің жоспарларына сәйкес оқушылармен жеке және топтық жұмыстар жүргізеді. Биыл бастауыш сыныптың оқушылары көп қиындық тугызып отыр, әсіресе 0 сыныптағы Оңболсын Бақытжан және 2 сыныптағы Дүйсенбай Бекарыс өзін –өзі басқара алмайтындықтарымен қиындық тугызып отыр. Екі оқушы да байқау ретінде қабылданған , мамыр айында тағы ПМПК /ға барады. Сөз кезегі ДТЖО Сулейманова А берілді. Ол биылғы оқу жылында тәрбие жоспарлары талапқа сай уақытында жоғары деңгейде өткізіліп келе жатқандығын , ал қиын оқушыларға келсек 5 сыныптағы Қалиев Нұрдәулет және 9 сыныптағы Джақсыбек Арыс үнемі ескертуден нәтиже бермей келе жатқанына тоқталып өтті.

Тәлімгер Нұрадин С. және кітапханашы Байменчиева Жадыра сөз сөйледі. Тәлімгер биылғы бастауыш сыныптағы оқушылар мен «Алау» тобының жұмыстарына қысқаша тоқталды. Кітапханашы Жадыра биылғы келген кітаптарға және оқушылардың қанағалықты пайдаланып отырғандығы туралы айтты.

4. Біліктілік санатын жоғарлату мақсатында сәуір айында болатын тестке баратын мұғалімдердің өтініштерін қабылдау. Биылғы өтініш беруге тіркелген мұғалімдер саны -19, Олардың 4/уі - сарапшы, ал қалғаны модератор санатына өтініш жазды. Биылғы аттестаттау туралы ОІМ Түлебаева А.К сөз сөйлеп.

Мемлекеттік тіркеу нөмірі және күні : №31490 30.12.2022ж
№533 бұйрыққа сүйене отырып, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына енген өзгерістермен таныстырды. Бұрын тест тапсыру үш кезеңге бөлінуші еді, қазір екі кезеңде өтеді, алғашқысы сәуір айында, ал 2/ші кезеңі қараша айында. Сол бойынша екі кезеңде тест тапсыруға баратын мұғалімдердің тізімі жіберілді. Сәуір айында :

1. Джумагазиева А.У – педагог - модератор (математика)
2. Аккулова Ж - модератор (еңбек)
3. Аккулова Р- модератор (дефектология)
4. Утеева Ж – модератор (дефектология)
5. Акимбаева Г.-модератор (бастауыш)
6. Жалғасбаева К –модератор (дефектология)
7. Конусова А- модератор (қазақ тілі)
8. Қалдыбаева С –модератор (дефектология)
9. Сүйеубаева Д – модератор (дефектология)
10. Сабурова А- модератор (бастауыш)
11. Төрениязова Б - модератор (бастауыш)
12. Тұрмағанбетова Г – модератор (еңбек)
13. Кулжсанова К –модератор (еңбек)
14. Кайназарова А – модератор (география)
15. Кайназарова А – сарапшы (тарих)
16. Тілегенова Ш – сарапшы (математика)
17. Түгелбаева С - сарапшы (тарих) –портфолио тапсырады.
18. Таубаева Ж - модератор (бастауыш)

Осы аталған мұғалімдердің өтінішін қабылдау керек.

5. Марапатқа ұсынған мұғалімдерге тоқталатын болсақ, олар көп жылдан бері осы аталған мекемеде аянбай жұмыс жасап келе жатқан -
Тулебаева А.К. Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Тулебаева А.К. -
«ҚР-ның білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісіне;
Түгелбаева С. Т. Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Түгелбаева С. Т.
- «ҚР-ның Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасына»
ұсынылсын.

Қаулы:

1. Өтініш берген барлық мұғалімдердің портфолио құжаттары уақытында тапсырылсын, ОІМ Тулебаева А.К. қадағаласын
2. Апталықтың уақытында өткізілуін бірлестік жетекшілері қадағалап, апталық жоспарларын бекіттірсін.
3. Марапатқа ұсынған мұғалімдер туралы ақпаратты 324 бұйрыққа сәйкес толтырып тапсырылуын ДТЖО Сулеймановаға тапсырылсын.

Педкеңес төрайымы: А.У. Джумагазиева

Хатшы: А.К. Тулебаева



№ 3 арнайы мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Баяндама

Тақырыбы: «Тәрбие үрдісінің мақсаты-оқушының бос уақытын
ұйымдастыруы»

Орындаған: Султан А

Дәулет ауылы

Қазіргі мектептерде тәрбиенің сапасына, әдіс -тәсілдерінің мазмұнына, мақсатына зор көңіл бөлуде және жаңаша көзқарастар қалыптастырылуда. Жаңа талап негізгі қарқынды өркениет бағыттарынан қалыспай, терең білімді игеру. Осыған орай, қазақ мектептерінің оқыту жүйесінде әлемдік және ұлттық негізде жеке тұлғаны дамыту үшін өте орынды жағдайлар жасалып, нәтижелері көрінуде. Болашақ ұрпақты тәрбиелеу ең басты міндеттердің бірі- мектеп оқушыларының іс-әрекетін ізгілендіріп, рухани дамуының дұрыс жолға қойылуы. Ол үшін оқушылардың жек тұлғалық қасиеттерін гуманистік бағытта тәрбиелеп, олардың алдын- ала шығармашылықпен дамуына жол ашу.

Тәрбие үрдісінің мақсаты. Тәрбие - қоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның арақатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Оның негізгі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту болып табылады. Тәрбие маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана адам болып қалыптасады. Қазіргі таңда еліміздегі оқу- тәрбие жұмысына байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды міндеттейді. Бүгінгі таңда тиянақты білім беру жүйесінде оқушылармен тәрбие жұмысын дамыту басты мақсат болып отыр. Осыған байланысты мектептің алдына қоятын ең басты мәселесінің бірі- өркениетті, прогресшіл бағыттағы азаматтық - адамгершілік қасиеті мол, сондай- ақ ұлттық тілін жоғалтпай, өзге елдегі замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу. Қазіргі қазақ мектептері оқыту мен тәрбиенің сапасына, әдіс-тәсілдерінің мазмұнына, мақсатына зор көңіл бөлуде және жаңаша көзқарастар қалыптастырылуда. Жаңа талап негізі қарқынды өркениет бағыттарынан қалыспай, терең білімді игеру. Осыған орай, қазақ мектептерінің оқыту жүйесінде әлемдік және ұлттық негізде жеке тұлғаны дамыту үшін өте орынды жағдайлар жасалып, нәтижелері көрінуде. Ең бастысы, оқу- тәрбие үрдісінде оқытудың тиімді жолдарын табу, оқушыны іздену, үйрену әрекетіне жұмылдыру, педагогтың өз әрекетіне ішкі мотивтері мен шығармашылық ізденісін байланыстыра отырып, кәсіби ілгерілеуіне түрткі болатын инновациялық технологияларды іріктей білгендігінде. Жастардың бүгінгі білімі- ертеңгі капиталы болатындай, ал қазіргі тәрбиесі-қазақтың қадірлі қасиеттерін қастерлей білетіндей болуы тиіс.

Оқу - тәрбие үрдісінде әрбір шара ата - аналардың қатысуымен өткізілетінін ерекше атағым келеді. Ата- ананың балаға өнегесі- барлық жағдайдағы ең күшті бағдар екендігі сөзсіз. Отбасындағы шынайы ұлттық тәрбие қолға алынбай, бала ұлттық тәрбиенің нәрін татпай, оның ұлттық менталитеті қалыптаспайды. Ондай жағдайда ол өзін де, өзгені де сыйлап, құрметтеп, отбасының, елінің намысын ойлап жарытпайды. Мұндай мәселелерде әсіресе жанұяның рөлі ерекше. Себебі тәрбие жанұядан басталады. Балаларды тәрбиелеуде ата- аналарды оқу- тәрбие үрдісіне қатыстыру, олармен тығыз байланыс жасау мәселесі негізгі орын алуға тиіс. Қоршаған орта өзінің құндылықтарымен тұлғаны жасайтыны ал бай орта болатынын ескере отырып, біз мектептің ата- аналар, оқушылар мен мұғалімдердің өзара әрекет жасауына үнемі ашық болу үшін бар күші - мізді саламыз.

Оқушының бос уақытын ұйымдастыруы тәрбие үрдісін ізгілендірудің және мектептен тыс тәрбие жұмысын жетілдірудің негізгі шарты- оқушыларға даралап ықпал ету тәсілі болып саналады. Оқудан бос уақытында бала ортақ істің

ұйымдастырушысы, белсенді қатысушысы болуға үлкен мүмкіндік алады. Іске қатысушы ретінде ол алдына міндеттер қояды, оларды шешу жолдары мен құралдарын тандайды ақпарат алады, яғни жеке тұлғаның дамуы, ержетуі және әлеуметтік бағытталуы іске асады демекпіз. Бос уақытты жүйелі ұйымдастыру, мәдени құнды мазмұнмен толықтыру, әлемдік және отандық мәдениетке баулу, өзін-өзі саналы түрде бағалай білу сияқты аса маңызды әлеуметтік-педагогикалық шешуге көмектеседі.

Оқушының демалуы, сауығу мен бос уақытын өткізуі тәрбие ісінде маңызды функцияны атқарады, оны тек әлеуметті тұрғыдан қорғау ғана емес, сондай-ақ, шығармашылық дамыту, рухани байыту мен интеллектуалдық ахуалын кеңейту үшін жағай жасалған. Әрбір ата-ана өз баласының толыққанды демалуын ғана көздеп қоймайды, сонымен қатар олардың қажетті дағды мен біліктерді меңгеруін, ой – өрісі мен іс-әрекетінің кеңейгенін қалайды. Оқушылардың бос уақыттары мәдени шараларға, көкке шығу, спорттық ойындар, мазмұнды мерекелермен ұйымдастырылып тұрады. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін дебаттар, спорттық, өнертапқыш клубтары және әр түрлі конкурстар, фестивальдар ұйымдастырылады.

А.С. Макаренконың сабақтан тыс уақытта оқушылармен ешқандай ерекше тәрбие жұмыстарын жүргізудің керегі жоқ деп тұжырымдаған «теорияны» қалай келеке еткендігі бұрыннан белгілі. Сабақтан тыс уақыт оқушылар өмірінде едәуір орын алды. Сабақтар соңынан мектеп оқушыларына өздігінен, көбінесе инициативасымен әр түрлі қиын мәселелерді шешуге, сабақтарды дайындауға, өзі қажетті білімдердің ерекше бір қызықты саласымен тереңірек шұғылдануға, қоғамдық тапсырмаларды орындауға, ата-аналарға шаруашылық жағынан көмектесуге және т.б. тура келеді.

Педкеңестің №4 хаттамасы

Педкеңес өткізілген күн : 17.03.2023 ж

Қатысқан мұғалімдер : 42 мұғалім

Күн тәртібінде :

1. Баяндама «Бала- ата-ананың , отбасының , адамгершілік өмірінің тәрбиелілігінің айнасы»
2. Оқу –тәрбие үрдісінде заманауи әдістер мен технологияларды енгізу.
3. Оқушыларды кезекті ПМПК комиссиясына дайындау.
4. Тестке баратын мұғалімдердің тіркелуін қадағалау.
5. «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі » (арнайы балабақшада , арнайы мектепте) Республикалық педагогикалық шеберлік конкурсына қатысушы мұғалімдерді іріктеу, өтініштерін қабылдау

1. Логoped Аккулова Р «Бала- ата-ананың , отбасының , адамгершілік өмірінің тәрбиелілігінің айнасы» тақырыбында баяндамасын оқып , биылғы оқу жылындағы өзінің жұмысына да , қысқаша тоқталып өтті. ПМПК тұжырымына сүйенсек , тіл кемістігі төмен оқушылар өте көп, әсіресе бастауыш сыныптарда. Өкінішке орай кейбір оқушылар осы уақытқа дейін жақсы нәтиже бермей отыр. Себебі: олармен көп жұмыстану керек , үнемі қадағалап жеке – жеке жұмыстана отырып , үйретуді қажет ететін оқушылар. Баяндамада айтылғандай екі жақтан да , яғни ата-ана да баламен жұмыс жүргізу керектігіне тоқталып өтті. Бірі еркеліктен сөйлей алмаса ,бірі тіпті сөйлей алмайды , жұмыстанғаннан жақсы нәтиже берсе үлкен жетістік болар еді деп, өз сөзін қортындылады.

2. Екінші мәселе бойынша сөз кезегі бірлестік жетекшілеріне берілді. Олар өздерінің қазіргі оқу процесіндегі заманауи өзгерістерге тоқталды. Оқу процесінде оқушының танымдық және шығармашылық қызметін жүзеге асыру үшін білім беру сапасын арттыруға, оқу уақытын тиімді пайдалануға және үй тапсырмасына бөлінетін уақытты азайту арқылы оқушылардың белсенділігінің үлесін төмендетуге мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологиялары қолданылады. Заманауи білім беру технологиялары даралауға, оқу процесінің қашықтығы мен өзгермелілігіне, білім деңгейі мен жасына қарамастан оқушылардың қабылдауына бағытталғаны туралы айтып өтті.Қаңтар айындағы бірлестік апталығы кезіндегі ашық сабақтар жылдағыдай емес , ерекше өткендігі туралы да айтылып өтті. Біздің оқушылардың ынтасы өте жәй қалыптасады , сол себепті сабақты ойын түрінде өткізу басты назарда екені айтылды.

Қаулы:

1.

Өтініш берген барлық мұғалімдердің портфолио құжаттары уақытында тапсырылсын, ОІМ - Тулебаева А.К қадағаласын

2. Апталықтың уақытында өткізілуін бірлестік жетекшілері қадағалап, апталық жоспарларын бекіттірсін.

3. Марапатқа ұсынған мұғалімдер туралы ақпаратты 324 бұйрыққа сәйкес толтырып тапсырылуын ДТЖО Сулеймановаға тапсырылсын.

Педкеңес төрайымы:

А.У Джумагазиева

Хатшы:

А.К Тулебаева



Педкеңес өткізілген күн : 17.03.2023 ж

Қатысқан мұғалімдер : 42 мұғалім

Күн тәртібінде :

1. «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі » (арнайы балабақшада , арнайы мектепте) Республикалық педагогикалық шеберлік конкурсына қатысушы мұғалімдерді іріктеу, өтініштерін қабылдау.

Мектеп директорының оқі-ісі жөніндегі орынбасары Тулебаева А.К сөз сөйлеп , биылғы арнайы мектеп мұғалімдерінің арасында өтетін шеберлікті байқау конкурсына биылғы оқу жылында 4 мұғалімнің ұсыныс бергенін айтып өтті. Жыл сайын дәстүрге айналған конкурстың өтуі бізге де , алға ұмтылып ,мақсатқа жетуге деген талпынысты жоғарлатқандай. Олай дейтін себебім , биыл қатысушылардың қатары көбейді.

Олар: 1. Сүйеубаева Д.Т - еңбек пәнінің мұғалімі

2. Құлжанова Қ.М - еңбек пәнінің мұғалімі

3. Аккулова Ж. Т - еңбек пәнінің мұғалімі

4. Нұрбергенова Д.Т - қазақ әдебиеті және қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Осы аталған мұғалімдердің өтініштері қабылданып , қашықтан өткізілетін конкурс талабына сай ашық іс-шараның (сабақтың ,тәрбие іс-шарасының) 30 минуттан аспайтын бейнежазбасын , ашық іс-шараның технологиялық картасы (сабақ жоспары), ашық іс-шараның өзін-өзі талдауын жасап ,15.04 дейін тиісті электрондық мекен жайына жіберу керектігі айтылды.

Қаулы:

Қатысуға өтініш берген мұғалімдердің тапсыратын құжаттарының талапқа сай болуын , және уақытынан кешіктірмей жіберілуін оқу ісінің меңгерушісі А.К Тулебаеваға тапсырылсын.


Педкеңес төрайымы:

Хатшы:

А.У Джумагазиева

А.К Тулебаева





№3 арнайы мектебі

Баяндама

Тақырыбы : «Бала ата-ананың, отбасының,
адамгершілік өмірінің, тәрбиелілігінің
айнасы»



Логопед маманы: Аққулова Р

2022-2023 оқу жылы

«Бала- ата-ананың, отбасының, адамгершілік өмірінің, тәрбиелілігінің айнасы»

Жанұяла қалыптасқан адамдық сезім баланың адамгершілік тәрбиесінде ең басты аяғы тиірі болып есептеледі. «Адамгершілікті, мейірбандықты, қайырымдылықты тәрбиелейтін нын мектеп – жанұя, отбасы, анаға, әкеге, атаға, әжеге, аға-ініге, апа-болатын. Бірқатар ата-аналардың балалар тәрбиесінің мақсаттары жөнінде жалпы түсініктері болғанымен, бірақ балалардың дене күші мен психологиялық мүмкіндіктері жайлы қажетті түсініктер мен дағдылары, мінез-құлық әдеттері, мінез-сипаттарын т.б. қандай тәсілдермен тәрбиелеуге болатыны туралы нақты білімдері аз. Сондықтан да отбасында кейде балаларға не шектен тыс қатаң талап қойылады, не ол талап мүлдем бос болатынын, ықпал ету әдістерін тек сөз жүзінде кездестіруге болады. Отбасында балаларды адамгершілікке тәрбиелеуге толық мүмкіндік бола тұрса да ол мүмкіндіктер толық пайдаланылмайды, кейбір отбасында адамгершілікке тәрбиелеуге жете зейін қойылмайды. Көбінесе адамгершілік қасиеттер баланың өсе келе үйренетін қасиеті деп ойлаушылық та бар. Кейбір ата-аналар арасында «Өсе келе бәрін де өзі түсінеді» деген әдет бар. Соның салдарынан кейбір адамгершілік сезімдерді, мінез-құлықтың дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру үшін оңтайлы, сәтті кезеңдер пайдаланылмай босқа өтіп кетеді. Сондықтан ата-аналарды баланың жеке басын қалыптастыруға бағытталған, ықпалы тиетін білімдермен қаруландыру қажет. Ата-аналар сынып жиналыстарында, жеке әңгімеде, дәрістерді оқытуда, сыныптан тыс ұйымдастырылған кештерде, адамгершілік, еңбек, эстетикалық тәрбие, ұлттық сана-сезім оятуда, балалардың денсаулығын жақсарту міндеттерін жүзеге асыруда, мектептің, отбасының бірлесіп жұмыс жүргізуіне ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Сынып жетекшісі ата-аналарды сыныптан тыс кештерге қатыстыру, барлық жұмыстарға көмектесуге кеңінен қарағаны абзал. Ата-аналардың білім дәрежелерінің артуы, олардың педагогикалық мәдениетінің өсуі, қоғамдық тәрбие беретін жүйелердің кеңейтілуі, бұл мекемелердің отбасымен тығыз байланысы жалғыз балалардың тәрбиесі сипатына әсер етті. Отбасы тәрбиесінде ең маңызды мәселенің бірі – ата-аналардың педагогикалық көзқарасының қалай қалыптасуында. Қазіргі кездегі аса бай отбасылардың пайда болуы, оларда бала тәрбиесінің дұрыс тәжірибесі қалыптасты деген сөз емес. Міне, осындай отбасылардың кейбір ата-аналары балаларының кез келген сұранысын мезетте қанағаттандыра аламын деген нәрсенің бәрін сөзге келмей сатып әперу, үй тірлігіне қатыстырмауы баласының өзімшіл, тек қана тұтынушы, жалқау, басқаның есебінен жақсы өмір сүргісі келетін, арамтамақ болып қалыптасуына әкеліп соқтыратынын ескере де бермейді. Әрбір оқушының өзін қоршаған ортасымен тығыз қарым-қатынаста болатынын, солардың әсерімен дамитынын ескере отырып «қиын» балалардың мінезіне отбасы, мектеп және көшенің қалай әсер ететін жағдайларына жеке-жеке тоқталып көрелік. Бала

тәрбиесіне отбасының жағымсыз әсер ету жақтарын сөз еткенде, оны үш топқа бөліп қарастыруға болады.

1. Бірінші топ – баланы қалай тәрбиелеуді біледі және дәл солай тәрбиелейді. Олар көп емес, алайда, өздерінің саналы өмірімен және сапалы іс-әрекеттерімен тек өз балаларына ғана тәрбие беріп қоймай, мектептегі қоғамдық жұмыстарға қолғабыс етіп, басқа ата-аналарға үлгі көрсетеді.

2. Екінші топ – өз балаларына өнегелі тәрбие бергісі келеді, бірақ, қалай тәрбиелеу керек екенінін білмейді. Мұндайлар ата-аналардың басым көпшілігі. Олар білмегендіктен балаларына кері әсер етуі мүмкін.

3. Үшінші топ – балаларды тәрбиелеудің жолдарын білмейді, білгісі де келмейді, педагогтерге қарсы тұратын төмендегі әлеуметтік топ. Бұлар соншалықты көп болмағанымен, «қиын» балаларды беретін отбасылар.

Дегенмен халық даналығы «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», «Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер», «Не ексең соны орасың», десе ұлы Абай «тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі – ақымақшылық» деп түйіндейді.

Ал атақты физиолог И.Павлов «әрбір баланың мінез-құлқы ата-анасының жағымды іс-әрекеттерінен үлгі алу барысында қалыптасады» деп тұжырымдайды. Бала отбасы жағдайында өмірдегі әртүрлі жағдайларда өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым-қатынаста болу сияқты тәжірибе жинақтайды және оны меңгереді. Отбасында бірін-бірі сыйлау, қамқоршы болу, бірлесіп еңбек ету секілді игі дәстүрлер қалыптасқан болса, ол ортадан қоғамға қарсы тұратын тәрбиесіз адам шығуы теориялық жағынан алғанда мүмкін емес. Ата-аналардың балаларына деген қамқорлығы мен сүйіспеншілігін, отбасындағы бала тәрбиесін және ондағы құндылықтарды дамытуда отбасының мынадай белгілерін айқындауға болады.

1. Отбасы өзара туысқандық қатынасы бар, әр түрлі жастағы және әр түрлі құқылы адамдардан біріккен ұжым.

2. Отбасын ерлі-зайыптылық, ата-аналық, балардың ата-аналарына, ересектердің кішілерге және бір-біріне деген қарым-қатынас жасау міндеттері байланыстырып тұрады.

3. Ата-аналар мен балалар бір-бірімен бір отбасын басқарумен, екіншілер сол отбасында тәрбиеленумен ерекшеленеді.

4. Отбасы өмірі әр түрлі материалдық және рухани үрдістермен сипатталады.

«Отбасы тәрбиесі» ұғымының өзі «отбасы» және «тәрбие» категорияларының жиынтығынан тұрып оның қызметі мен ролі, отбасындағы тәрбие толығымен

қоғамдық өмір заңдылықтарына байланысты дамиды. Отбасындағы әрбір баланың дұрыс тәрбие, сапалы білім алуы шартты жағдайда отбасының әлеуметтік жағдайына да байланысты. Отбасы өз қожалығын, өз бюджетін ұйымдастырады және оны қажетіне қарай бөліп жұмсайды. Ол отбасының экономикалық қызметін құрайды. Отбасының бұл қызметі отбасы ұжымындағы өзара қарым-қатынасқа екі жақты әсер етуі мүмкін.

1. Отбасындағы үйшілік жұмыстарды (ата-аналар, ересектер мен кішкентай балалар үшін) әділ болу ерлі-зайыптылар қарым-қатынасын жақсартады.

2. Балаларды адамгершілікке және еңбекке тәрбиелейді. Отбасындағы жұмыстар дұрыс бөлінбеген жағдайда немесе барлық үй іші жұмыстары тек әйелге ғана жүктелетін болса, ондағы еркек «патриарх» рөліне енеді де, ал балалар тек тұтынушы ролінде ғана болады. Мұндай жағдайда ересектер ықпалы балаларды дұрыс емес бағытқа жетелейді.

Отбасының тәрбие берушілік қызметі үш аспектіде жүзеге асырылады.

1. Баланың жеке басын қалыптастыру, оның қызығуы мен қабілетін дамыту отбасындағы ересектердің өмірлік тәжірибелері арқылы жүзеге асырылады.

2. Үйдегі әрбір адамның жеке басына отбасы ұжымы үнемі жүйелі түрде тәрбиелік ықпал етіп отырады.

3. Отбасындағы балалар үнемі ересектердің өздерін белсенді түрде, тәрбиелеп отыруына мәжбүр ететіндей әсер етеді.

Әлеуметтік педагогтың тағы бір ескеретіні: ол оқушының өзін адами тұрғыдан тең ұстауы, оған сенім ұялата білуі керек. Егер әлеуметтік педагог өзінің айтқанын оқушылардан қалай да орындауын талап етсе, олардың адамгершілік қасиеттерін есепке алмай әрекет жасаса, олардың сый-құрметіне бөленбек түгілі балалардың енжар тартуына себепші болады. Тәртіп пен заңды бұзуға бейім тұратын, сабақ үлгерімі нашар оқушыларды сынып және мектеп бойынша анықтау. Ол үшін біріншіден, әр тоқсан сайын бір немесе екі пәннен үлгермейтін оқушыларды анықтап отыру қажет. Үлгермейтін оқушылардың барлығының тәртібі нашар болмас, алайда, қиын оқушылардың басым көпшілігі бірнеше пәндерден үлгермейтіні ақиқат. Екіншіден, сауалнама жүргізу арқылы қиын оқушылар мен педагогтардың қарым-қатынасын анықтап, оны жолға қою мәселесін шешу қажет. Зерттеулер көрсеткендей, девиантты мінезді балалардың басым көпшілігі бір немесе бірнеше мұғалімдердің шиеленісті жағдайда болады, ондай қарым-қатынас олардың түзелуіне кері әсер етеді. Үшіншіден, қиын оқушылардың өз сыныптастарымен қандай жағдайда екенін анықтау және соған лайықты іс-шаралар жүргізу. Олардың көпшілігі өз сыныбында – басбұзар, іріткі салушылар және өзі сияқты бұзақылардың жетекшісі болып келеді. Төртіншіден, ата-аналармен және достарымен әңгімелесу арқылы тәрбиесі қиын оқушылардың бос кездерінде кімдермен жүріп-тұратынын, қандай топтарда, орталарда болатынын анықтау. Себебі дәл сол бейресми топтарда болу

арқылы олар темекі шегу, арақ ішу, құмар ойындарын ойнауды әдетке айналдырады. Отбасының маңызды негізгі ерлі-зайыптылардың ата-аналық махаббаты мен мейірімі және балалардың өз тарапынан ересектерге деген құрметі, жанашырлық сезімі болып табылады. *“Ақырып айтқан ақылдан, ақылмен айтқан сөз артық”*, *“Атасынан ақыл алса, теңтек ұл да жөнделер”*, *“Ана өз баласын жанымен де, қанымен де сүйеді”*, *“Сүйер ұлың болса сүй, Сүйінерге жарар ол”*. Абай «Отбасының беріктігі, жұбайлардың бір-бірінің, ең бастысы балаларының алдындағы жауапкершілігіне де көп нәрсе байланысты. Ата-аналар балаларына, ал балалары қартайған ата-аналарға қамқор болуға тиіс» деген болатын. Мұның өзі отбасындағы өмірді ұйымдастыру, ең алдымен, ондағы ересектердің, яғни ата-аналар мен ата-әжелердің бір-біріне деген қарым-қатынасы мен өзара сыйластығы негізінде қалыптасатындығын айғақтайды. Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен отбасы мен мектептің тәрбие процесін дұрыс ұйымдастыра отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын бабалардың санасына сіңіре білу ата-ана мен мектептің ынтымақтастығының басты міндеті болып табылады.

Педкеңестің №5 хаттамасы

Педкеңес өткізілген күн : 2 .06 .2023 ж

Қатысқан мұғалімдер : 42 мұғалім

1.Баяндама : « Ақыл –ой кемістігі бар бастауыш сынып оқушыларының саналы оқу дағдыларын қалыптастыру ерекшеліктері »

Терсаниязова Б (бастауыш сынып мұғалімі)

2. Оқу жылының аяқталуы туралы – ОІМ Тулебаева А.К

а) оқу жылын аяқтау туралы нұсқаулықты талдау

ә) емтиханға жіберу және оқушыларды келесі сыныпқа көшіру

б).емтиханның өткізілу кестесі, және оның орындалысы

3. Педагогикалық ұжымның 2022 – 2023 оқу жылындағы жұмыстарын талдау және жеке мұғалімдердің жетістіктерін бағалау – ОІМ Тулебаева А.К

1. Бастауыш пәні мұғалімі Бақыт Адилхановна өзінің баяндамасын оқи келе, биылғы оқу жылындағы алғашқы қабылданған «0» сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктеріне тоқталып өтті. Бала психологиясын жете меңгеру үшін ,кез –келген мұғалім психолог болуы тиіс.Әсіресе біздің балалар үшін ол негізгі мәселе болып табылады. Мектепте барлық бала саны -156 болса , соның 41/і үйден (жеке) оқытылды. Бастауыш буында биыл қиын оқушылар саны өте көп , оның жартысынан көбі байқауда отырған оқушылар.Оқушылар саны жыл сайын көбейіп келе жатыр және де бұрынғы оқушылардай емес , көп үйрету мен жұмыстануды қажет ететін балалар. Тәртібі мен мінездері де өте қиын. Соған қарамастан бар ынтамызбен оқушыларды оқытып , үйрету басты міндетіміз деп ойлаймын .

2. А) Биылғы оқу жылының ерекшелігі сол ,31 мамыр- жылдың соңғы оқу күні. Бұл туралы оқу-ағарту министрлігінің орта білім комитетінің төрағасы Гүлмира Кәрімова хабарлады. "Қазақстанда оқу жылының ұзақтығы – 36 апта. Дәстүр бойынша оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, биылдан бастап 31 мамырда аяқталады. 31 мамыр – жылдың соңғы оқу күні. Бұл күні еліміздің мектептерінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған сыныптан тыс сағаттар өткізіледі. 1 маусымда еліміздің оқушылары Халықаралық балаларды қорғау күнімен қатар соңғы қоңырау мерекесін атап өтті. Каникул бұрынғыдай сақталады, яғни оқу күндерінің саны көбеймейді, ал каникул кезеңі азаймайды. Жалпы қазақстандық оқушылар 170 күн оқиды. Каникулдың ұзақтығы – 195 күн

Ә) Биыл мектебімізден 23 оқушы 9 сыныпты аяқтайды. Оның 11/і –легкий, 5/і- умеренный , 4/і – ЗПР, 2/і – на дому; Жеңіл түрдегі диагн. оқушылар еңбек пәнінен емтихан тапсырса, ал ЗПР диагн. оқушылар үш пәннен тапсырады. Еңбек пәнінен емтихан сұрақтары іштен жеңіл түрде жасақталады , ал ЗПР сыныбына

ОББ нан келеді.

Б) Емтихан биыл маусым айының 2.06-13.06 аралығына қойылды. Биыл бітірушілер саны 23, оның 11-легкий, 5- умеренный, 4-ЗПР. 9 оқушы еңбектен емтихан тапсырады, ал 4/уі математикадан жазбаша, қазақ тілі мен орыс тілінен жазбаша және биологиядан ауызша емтихан тапсырады. Емтихан кестесі жасақталды, емтихан алушы мұғалімдер мен ассисенттер де бекітілді, еңбек және биология пәндерінен емтихан билеттері дайын, билеттердің бәрі бірлестік отырысында қаралып, бекітілді.

3. Педкеңесті қортындылай келе, ОІМ Тулебаева А.К сөз сөйледі. Биылғы оқу жылын біздер: 153 баламен бастап, 156 оқушымен аяқтағалы отырмыз. Жылдағы оқу жылдарынан өзгешелігі 0 сынып аштық, ол сыныпта 11 оқушы болды, 9-легкий, 1-умеренный және 1- ЗПР.

Ал, биылғы ПМПК ком/ң қортындысына сүйенсек: үйден оқитын оқушылардан Мырза Б, Туркеш О, Досберген С- оқуға жарамсыз болып қалды, ал, Тұрсынбек F №6 жалпы мектепке; Бахтыбай Н №13 жалпы мектепке; Режепбай №3 жалпы мектепке баруға мүмкіндік алды. Ал, Ілияс Фатима мен Фариза және Амандық Әсет деген оқушылар мектепке келіп оқитын болды. 3 оқушы орташа деңгей диагнозына төмендетілді.

Мұғалімдер жетістігіне тоқталатын болсақ: Наурыз айында өткен « Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогы » облыстық байқауына біздің мектебімізден 4 мұғалім қатысқан болатын, сол байқаудың нәтижесінде қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Нұрбергенова Дариха Амангелдиевна II орын иеленді. Биыл өз білімін жетілдіру мақсатында 15 мұғалім тестке баруға өтініш берген болатын. Солардың 13/і педагог –модератор санатына, ал қалған екеуі «педагог –сарапшы» санатына берді. 13 мұғалімнің 11/і өз пәнінен, ал 2/і дефектологиядан 2 мұғалім өту мерзімі болмағандықтан қабылданған жоқ, ал қалған 11 /і тестке барды. Нәтижесінде мына мұғалімдер тесттен өтті:

1. Утеева Ж – дефектологиядан –модератор
2. Аккулова Р - логопедтен – модератор
3. Акимбаева Г - бастауыш пәнінен –модератор
4. Қалдыбаева С - дефектологиядан - модератор
5. Түгелбаева С - дефектологиядан - сарапшы

Осындай көрсеткішпен қазіргі таңда мектебімізде 11 - модератор, 3 - сарапшы. және 2 - зерттеуші бар. Жыл соңында 5.06 -13.06 аралығында екі мұғалім Утеева Ж мен Сабурова А курстан өтеді.

Отырыс соңында мектептің әкімшілік құрамы сөз сөйлеп. II/ші жарты жылдық жұмыстарына қортынды жасады. ДТЖО Сулейманова жыл бойы жасалған жұмыстарына тоқталы, мұғалімдерге ат салысып, үнемі қолдау көрсеткендеріне ризашылығын білдіріп, алғысын айтты. Әлуметтік педагог

пен психолог үйден (жеке) оқитын оқушылардың үйлеріне барып, ата-аналармен кездесіп, олармен жақсы жұмыс жүргізгендерін ерекше айтып өтті.

Осындай көрсеткіштермен биылғы 2022-2023 оқу жылын да тәмамдадық. Келесі оқу жылында да алға қойылған мақсаттар өте көп, ол жұмыстар да ойдағыдай орындалады деген сенімдеміз.

Қаулы:

1. Емтихандар уақытында, талапқа сай өткізілсін.
Қадағалап отыру ОІМ Тулебаеваға міндеттелсін.
2. Еңбек демалысына шығатын мұғалімдер тиісті құжаттарын уақытында тапсырсын, есептеу парағна тек тапсырылған жағдайда ғана қол қойылсын.
Жауапты- ОІМ Тулебаева А.К

Педкеңес төрайымы:

Хатшы:




А.У Джумагазиева

А.К Тулебаева







№ 3 арнайы мектебі

Баяндама

Ақыл – ой кемістігі бар бастауыш сынып оқушыларының
оқу дағдыларын қалыптастыру ерекшеліктері.

Бастауыш сынып мұғалімі: Төрениязова Б

2023 ж

Ақыл – ой кемістігі бар бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру ерекшеліктері.

Ақыл-ой кемістігі бар балалардың әрбір психикалық үрдісінің қалыптасуы ерекше. Бұл сауатты оқыту кезеңінде көрінеді: балалар әріптерді баяу есте сақтайды, дыбысты әріптермен жеткілікті түрде ара қатынаста ұстайды, ұзақ уақыт әріппен оқудан буынға ауыса алмайды, сөздердің дыбыстық құрамын бұрмалайды, оқылған сөздің затпен, әрекетпен, белгімен арақатынасында қиындықтарды сезінеді. Оқу техникасына қойылатын бағдарламалық талаптардың күрделенуіне қарай біркөздік және қиындықтар туындайды. Ақыл-ой кемістігі бар балалар сөз саптау бейнелерін өте баяу жинайды. Бұл дыбыстар мен әріптердің жеткілікті түрде тез арақатынасымен ғана емес, олардың араласуымен, бір дыбысты басқалармен біріктірудегі қиындықтармен ғана емес, балалардың жалпыланған буындық бейнені түсінбейтіндісімен және әрбір буынды жеке-жеке механикалық үйретуге тырысуымен байланысты. Оқудағы жүгіруді дамыту ақыл-ойы бұзылған балалардың көру өрісі шектеулі. Сонымен қатар, мұндай балалар ұзақ уақыт бойы ақыл – ойдың бұзылуымен байланысты мағыналық түсініктерді пайдалана алмайды. Ақыл-ой кемістігі бар балаларда мәтінді ұғыну дағы қиындықтарға, сөйлеу қорының кедейлігіне, мағыналық ойдың түзілуінің баяулауына және көру өрісінің тар болуына байланысты оқу қарқыны нормативтік дамытын балаларға қарағанда шамамен екі есе баяу.

Танымдық іс-әрекеттің дамымауы, сөйлеудің кейінірек дамуы, оның сапалы өзіндік ерекшелігі, сондай-ақ психологиялық ерекшеліктері ақыл-ой кемістігі бар баланың оқуды меңгеруге дайындығының жеткіліксіздігіне негізделеді. Ақыл-ой кемістігі бар балалардың оқу дағдысын қалыптастыру процесі белгілі бір ерекшеліктерге ие. Ақыл-ой кемістігі бар бала оқуды жақсы дамып келе жатқан балаға қарағанда едәуір ұзағырақ меңгереді. Егер жаппай мектеп оқушыларының оқу дағдысын қалыптастыру соншалықты жылдам өтетін болса, жеке сатыларды анықтау қиын болса, онда ақыл-ой кемістігі бар баланың оқу дағдысын қалыптастыру процесінде әрбір саты оңай көрінетін болып табылады. Ақыл-ой кемістігі бар балалардың оқуды меңгеруі осы дағдыны қалыптастырудың барлық кезеңдерінде маңызды сапалы өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Ақыл-есі кем балалар үшін әріптерді меңгеру қиын. Бұл көру қабылдауының ерекшелігімен, әріптерді ажырату және есте сақтау қиындықтарымен, тиісті дыбыстардың акустикалық бейнелерінің анық еместігімен байланысты. Әсіресе ақыл-ой кемістігі бар балаларда дыбыстарды буынға қосу процесін қиындатады.

Оқушылар үшін саналы оқудың толыққанды дағдысын меңгеру барлық пәндер бойынша мектепте табысты оқытудың маңызды шарты болып табылады; сонымен қатар оқу-сабақтан тыс уақытта ақпарат алудың негізгі тәсілдерінің бірі, сонымен қатар оқу дағдыларының ерекшеліктері арасында өзара байланыс бар Ақыл-ой кемістігі бар (зияткерлік бұзылыстары бар) білім алушыларға білім берудің үлгілік бейімделген негізгі жалпы білім беру бағдарламасында пәндерді игерудің жоспарланған нәтижелері сипатталған.

Бастауыш сыныптардағы оқу соңында оқу бойынша пәндік нәтижелерді меңгерудің ең төменгі және жеткілікті деңгейі

Ең төменгі деңгей:

- мәтіннің дауыстап және дұрыс оқылуы;
- сұрақтар бойынша оқылған мәтіннің мазмұнын қайта баяндау;
- батырлар мен оқиғаларды бағалау бойынша ұжымдық жұмысқа қатысу;
- 5-7 қысқа өлеңдерді мәнерлеп оқу.

Жеткілікті деңгей: - алдын ала таллаудан кейін мәтінді дауысты дауыспен және сөйлеу қарқынымен дауыстап (семантикасы мен құрылымы бойынша күрделі-слог бойынша) дауыстап оқу;
- оқылған мәтін бойынша мұғалімнің сұрақтарына жауаптар;

Оқудың толық шеберлігі келесі қасиеттермен сипатталады: дұрыстық, еркін сөйлеу, экспрессивтілік және хабардарлық. Ақыл-есі кем оқушылардың әр сапасын қалыптастыру процесі өте ерекше. Өзіндік ерекшелігі сауаттылықты оқыту кезеңінде көрінеді: балалар баяу әріптерге ұқсайды, ұқсас сызбаларды араластырады, дыбысты әріппен тез байланыстыра алмайды, ұзақ уақыт әріптен буынға ауыса алмайды, сөздердің дыбыстық құрамын бұрмалайды, оқылған сөзді тақырыппен, әрекетпен, белгімен байланыстыруда үлкен қиындықтарға тап болады.

Арнайы (түзету) мектеп сыныбының контингенті сенсорлық, сөйлеу және интеллектуалдық жетіспеушіліктің сипаты мен дәрежесіне байланысты гетерогенді болғандықтан, балалар оқуды үйрену барысында осы дағдыларды игерудің әртүрлі кезеңдерінде кездеседі, бұл фронтальды жұмыс үшін қосымша қиындықтар туғызады. Сонымен, 2-ші сыныпта кейбір оқушылар жеке, құрылымы қарапайым сөздерді бірге оқи алады. Бірақ балалардың көпшілігі тек буындық оқуды игереді. Сондай-ақ әріп бойынша оқуды жалғастыратын оқушылар да бар. Сонымен қатар, барлық әріптерді меңгермеген балалар бар, оқу дағдысын игеру деңгейлеріндегі бірдей сәйкессіздік орта мектепте де сақталады. Оқу техникасына бағдарламалық талаптар күрделене түскен сайын бірқатар жана қиындықтар туындайды. Ақыл-есі кем оқушылар буын бейнелерін өте баяу жинақтайды. Бұл дыбыстар мен әріптердің жеткілікті жылдам корреляцияланбауымен, оларды араластырумен, бір дыбысты екіншісімен біріктірудегі қиындықтармен (бұл кемшіліктер белгілі бір дәрежеде 1-ші сыныпта жеңіледі) байланысты емес, өйткені балалар жалпыланған буын бейнесін түсінбейді және әр буынды механикалық түрде жаттауға тырысады.

Ақыл-есі кем балаларға тән Инерция, кез-келген әрекет әдісіне қосылу аналитикалық оқу әдістерінен синтетикалыққа (буындардан тұтас сөздерге) көшу кезінде оларға кедергі келтіреді. Нәтижесінде, оқушылар буынды оқи бастағанда, тіпті таныс және үйренген лексемаларды да толық сөздермен оқуға ауысу қиынға соғады. Керісінше, бірінші сөзді бірден оқығаннан кейін олар келесі сөздерді тез оқуға тырысады, бірақ, әдетте, қателеседі.

Оқу еркіндігінің дамуы ақыл-есі кем балалардың көру өрісі шектеулі екендігімен тежеледі. Олар, әдетте, қазіргі уақытта олардың көзқарасы бағытталған әріпті (буынды) ғана көреді. Сонымен қатар, мұндай балалар ұзақ уақыт бойы семантикалық болжамды қолдана алмайды, бұл олардың негізгі ақауына-зияткерлік жетіспеушілігіне байланысты.

Ақыл-есі кем оқушылар мәтінді түсінудегі қиындықтарға, сөйлеу қорының кедейлігіне, семантикалық болжамның қалыптасуының баяулауына және көру өрісінің тар болуына байланысты оқу қарқыны қалыпты балаларға қарағанда шамамен екі есе баяу. Бұл ретте жекелеген оқушыларда оқу жылдамдығының айтарлықтай ауытқуы байқалады. Сонымен қатар, ақыл-есі кем балалардың оқу қарқыны бұқаралық мектеп оқушыларына қарағанда мәтіннің ақпараттық, лексикалық және құрылымды күрделілігіне байланысты. Мәтін неғұрлым күрделі болса, балалар баяу оқиды.

сатыда зерттеушінің әдістерін қолданудың өзіндік қиындықтары бар. 1 өменгі жастағы баланы зерттеу тақырыбымен «қинауға» болмайды. Әрине, ол табиғатынан туа біткен зерттеуші, бірақ алғашқыда оған бәрі арнайы түрде үйретіледі: проблеманы қалай анықтауға болады, болжамды қалай құрылымдау керек, байқауды, экспериментті қалай жүргізу керек және т.б. қысқасы, оның зерттеушілік табиғаты үнемі педагогикалық қамқорлықты қажет етеді. Баланың айналасы өз бетімен танып білуге деген ұмтылысы негізінде құрылған оқытуда зерттеу тәсілін пайдалану ерекше орын алады. Балаларды оқуда зерттеу тәсілін қолданудың қажеттілігі бола болмысының білмекке құмарлығымен, оны қоршаған дүниені зерделеуге деген қызығушылығымен түсіндіріледі. Оқушылардың өзіндік зерттеулері, олардың жеке қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, өзіндік зерттеулер интеллектуалды және зерттеу біліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Өзіндік зерттеулердің көмегімен оқушылар қоршаған дүниені тани келе, өздері үшін жаңа білімдерді «дайын күйде» алмай, өз бетімен ашады. Кіші жастағы балалар тәжірибесінде жеке және ұжымдық зерттеулер қолданылады.

Сонымен, ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушының:

- Ой-өрісі мен рухани жан дүниесінің дамуына ықпал етеді, Өз бетінше жұмыс жасауға үйреніп, зерттеулер жүргізуге бейімделеді;
- Ой жүйелілігі мен шешендік өнері қалыптасады;
- Танып-білу, талдау-жинақтау, салыстыру, бастысын бөліп шығару, өмірде қолдану әдістерін меңгереді;
- Оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттырып, оқушылардың жоғары шығармашылық деңгейін қамтамасыз етеді.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір оқушының өз мүмкіндіктерін, қабілет және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Ендеше мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет.

Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болу керек. Ол өмірдің әр тетігіне үңіліп, тығырықтан шығар жолға даяр болуы қажет.